



Р. Емелбаев
«_____» 202__ ж.

Жаратылыстану-математика бағыты
«Дендрология» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірінғай тестілеуге арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В079 - Орман шаруашылығы

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Кіріспе. Дендрологияның жалпы сұрақтары.	01	Пәннің мазмұны мен мақсаты. Дендрология ғылымының даму тарихы.	Дендрология ғылымының даму тарихын білу.
		02	Ағаш тектес өсімдіктердің таралу аймағы. Ареал. Ағаш өсімдіктердің экологиясы және факторлары	Ағаш тектес өсімдіктердің географиялық таралу аймақтарын ажырата білу.
		03	Ағаш өсімдіктердің тіршілік пішіндері	Ағаш өсімдіктерінің негізгі тіршілік формаларын білу.
		04	Фенология негіздері. Өсімдіктердің интродукциясы	Ағаш тектес өсімдіктердің фенологиялық ерекшеліктерін білу. Интродукция негіздерін білу.
		05	Ағаш-бұталы өсімдіктердің желек пішіндерінің, жапырақтың, гүлдердің, жемістердің сүректіңнің декоративті сапасы	Ағаш және бұталы өсімдіктердің сәндік қасиеттерін жіктей білу.

02	Негізгі қылқан жапырақты ағаш түрлері, олардың орманшылық қасиеттері және халық шаруашылығындағы маңызы	06	Жалаңаш тұқымдылар. Сауырағаштар тұқымдасы.	Жалаңаш тұқымдылардың систематикасын білу. Сауырағаштар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		07	Қарағайлар тұқымдасы.	Қарағайлар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		08	Гинкголар, Тисстер, Таксодилер тұқымдастары.	Гинкголар, Тисстер, Таксодилер тұқымдастарының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
03	Негізгі жалпақ жапырақты ағаш түрлері, олардың орманшылық қасиеттері және халық шаруашылығындағы маңызы.	09	Жабық тұқымдылар. Жаңғақтар тұқымдасы.	Жабық тұқымдылардың систематикасын білу. Жаңғақтар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		10	Қайыңдар және шәмшаттар тұқымдасы.	Қайың және шәмшаттар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		11	Талдар тұқымдасы.	Талдар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		12	Шегіріндер тұқымдасы.	Шегіріндер тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.

		13	Жөке ағаштар және үйеңкілер тұқымдасы.	Жөкелер және үйеңкілер тұқымдастарының тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		14	Зәйтүндер және ұшқаттар тұқымдасы.	Зәйтүндер және ұшқаттар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		15	Жиделер және алабұталар тұқымдасы.	Жиделер және алабұталар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		16	Қарлығандар тұқымдасы.	Қарлығандар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.
		17	Бұршақтар тұқымдасы.	Бұршақтар тұқымдасының систематикасын, шаруашылық қасиеттерін сипаттай білу.
		18	Раушангүлділер тұқымдасы.	Раушангүлділер тұқымдасының систематикасын, шаруашылық және сәндік қасиеттерін сипаттай білу.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Дендрология» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

Негізгі әдебиет:

1. Мұқанов Б.М. Майсупова Б.Ж. Шабалина М.В. «Дендрология» - Астана: ҚазАТУ «Агроуниверситет», 2009.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы

А.М.Кожяков

(қолы)

«___» _____ 202__ ж.